

**АБАЙДЫҢ СЕМЕЙДЕГІ ҒҰЛАМАЛАР ОРТАСЫ МӘСЕЛЕСІНЕ
(ШАҒАРДЫҢ XIX-XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ДІНИ-ҚОҒАМДЫҚ
КЕЛБЕТІ ҚОЛЖАЗБА ЖӘНЕ АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА)**

Мадияр Г. Насыров^{1*}, Мұхтарбек Қ. Каримов²

Шәкәрім университеті (Семей, Қазақстан)

*E-mail: nasiyrovf@gmail.com

<https://orcid.org/0009-0000-1865-6671>

<https://orcid.org/0000-0001-8949-2512>

Аңдатпа. Семей қаласының тарихын пәнаралық зерттеулер негізінде қарастырудың маңызы өлкетанулық ізденістермен қоса артып келеді. Осы үрдістің қатарында қала тарихымен бірге мәдениет, дін, әдебиет, өнер, экономика салаларында қызмет еткен тұлғалардың өмірі жеке зерттеу нысандарына айналды. Ұмыт болған есімдер мен белгісіз қалған қоғам қайраткерлерінің болмысы мен мұрасын елге таныстыру, оларды ғылыми ортаға жеткізу ісі басты назарға алынды.

Мақаланың негізгі мақсаты – Семейде сақталған қолжазбалар негізінде Абайдың заманындағы ғұламалардың жазба мұрасын сөйлетіп, XIX ғ. мен XX ғ. басындағы дін қайраткерлері жайлы, олардың діндарлығына қатысты жаңа ойларды ғылыми ортаға ұсыну.

Семейдегі мұсылман қауымының тарихнамасын қарастыру ісінде татар халқы өкілдерінің діни және қоғамдық қызметтерін зерттеу үлкен үлес қосады. 2023 ж. Семейдің Ескі мұсылман қорымынан табылған Риза хазіреттің қабіртасы оның тұлғасын зерттеуге деген ізденістерді арттырып, жергілікті зиялы қауым арасында қызығушылық пен ғылыми пікірталас туғызды. Риза хазірет ибн Уәлидтің (1810-1876) тұлғасына қатысты деректерді топтап, оның өңірдегі қызметін саралай келе, Семейдің сол кездегі діни-қоғамдық келбетін жандандыру осы мақаланың өзектілігін ашуға негіз болды.

Сондай-ақ Семейдің көне мешіттеріне архив материалдары негізінде тарихи-салыстырмалы талдау жүргізіліп, олардың қала аумағындағы атаулары қарастырылды. Нәтижесінде Риза хазіреттің медресесіне қатысты деректер мен Семейдің XIX-XX ғ. басындағы рухани-мәдени келбетін ашатын кейбір материалдарға талқылау жүргізілді.

Түйін сөздер: Семей, діни-қоғамдық қызметтер, Риза хазірет, Абай Құнанбайұлы, ғұлама, мешіт-медресе, діндарлық, қолжазба, пәнаралық зерттеулер, өлкетану.

Кіріспе

XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында қазақ руханиятының әлем контекстіндегі реформаларға интеграциялану үрдісі дәстүрлі әлеуметтік құрылымның дағдарысы мен толық орнап үлгермеген капиталистік қоғамның қайшылықтарымен қатар өтті. Осы бір күрделі кезеңде Семей қаласы еліміздің әлеуметтік, экономикалық, мәдени, әдеби және діни өмірінің маңызды орталықтарының біріне айналды. XIX ғ. екінші жартысынан бастап қалада білім мен ағартушылыққа негізделген іргелі қозғалыстар орын алып, ұлттың даму жағдайына атсалысқан зиялы қауым қалыптасты. Шығыс өңірде, әсіресе, Абай Құнанбайұлының шығармашылық ортасы мен шәкірттері сол үрдісте белсенділік танытты. Бүгінгі таңда Семейдің XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы

тарихын пәнаралық және өлкетанулық тұрғыдан зерттеу ісі өткеннің көлеңкеде қалған қырларын ашуға мүмкіндік беріп отыр.

Ол кезеңде қалада бірнеше мешіт-медресе жұмыс істеп, олар білім беру жүйесі арқылы қоғамдағы діни көзқарастың бекуін де қамтамасыз етіп тұрды. Сол ескі, қадым дәстүрмен Семейдегі медреселерде Құран тәпсірі, Шариғат ілімі, фикһ, араб тілі және т.б. пәндер оқытылса, ал 1905-1907 ж.ж. өзгерістерден соң, салыстырмалы түрде аз да болса, жәдидтік пәндер енгізіліп, дін қызметкерлері мен мүдәрістердің өзіндік мектебі қалыптаса бастады. Қадымшылдар мен жәдидшілдердің Семей қоғамындағы пікірталастары өңірдегі ғана емес, күллі Ресей аумағындағы мұсылмандарға да жеткен. Осы пікірталастардың, сөзсіз, Абайдың қоғамға белсене қатысқан жылдарында (1885-1904) қатар қозғалып, XX ғ. 10-жылдарында шарықтау шегіне жеткенін сол кездегі басылым беттерінен көреміз.

Буржуазияның әлеуметтік белсенді емес тап өкілдеріне жәрдем қолын созу, қайырымдылық, уақфтық қорларға көмек көрсету сияқты шаралары қоғамның материалды өмірінде де анық сезілді. Бұл капитализм мен қайырымдылық ұғымдарының ұштаса бастаған кезі еді. Дегенмен осы бағыттағы ағартушылықтың халық арасында тарауын екі мағынада қарастыруға болады. Бірінші, ол қадыми діннің, яғни жәдидтік кезеңге дейін орныққан діни қайраткерлердің ықпалынан шығып, қоғамның діннен тыс мәселелерін реалистік тұрғыдан шешуге шақырған өкілдердің қалыптасуы болды. Екінші – ол діни ықпалды сақтап, дін шеңберінде қызмет еткен тұлғалардың еңбегі еді. Екі топтың да біз мысалға алып отырған Семей өміріндегі қызметі мол.

Дінді халықтың рухани дүниетанымын қалыптастырып қана қоймай, ұлттық бірегейліктің оянуына, мәдениеттің дамуына да ықпал етті деп қарастырамыз. Абай Құнанбайұлы бастаған ағартушылар діннің рухани мәнін алға тартып, оны моральдық-этикалық тәрбиенің негізі ретінде ұсынған. Ал өңірдегі ислам ғұламалары, өз кезегінде, әділет, білім, тәртіп ұғымдарын кеңінен насихаттаса да, қоғамдағы діндарлықтың көрсеткішіне деген ықпалдарын бәсеңдеткен емес. Бұл жағдайда, XX ғ. басында Семейде қанат жайған қадымшылдар мен жәдидшілдердің пікірталастары қоғамдық өмірдің маңызды құрамдас бөлігіне айналды.

Материалдар мен әдістер

Семей қаласындағы XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы ағартушылықтың, оның ішінде мұсылман халықтардың өңірдегі қызметін қарастыру үшін кешенді зерттеулер қажет. Әуелі архивтік құжаттар бізге сол дәуірдегі мешіттер мен медреселердің қызметі жайлы деректерді негізгі материал ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Мысалы, ондай құжаттар топтамасы Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде (бұдан әрі ҚРОМА), Башқортстан Республикасы Ұлттық архивінде (бұдан әрі БРҰА) және т.б. қорларда сақталған. Олардың барлығы аталмыш тақырыпты зерттеуде маңызды дереккөз қорын құраса, артынша бұл деректер қазіргі методология негізінде интерпретацияланып, өзге де дерек қорларымен салыстырылады.

Семейдің ХІХ-ХХ ғ.ғ. басындағы әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени келбеті көпшілікке белгілі «Обзор Семипалатинской области», «Адрес-календарь» топтамаларында, Н. Абрамовтың (Абрамов, 1861), И. Завалишиннің (Завалишин, 1867) еңбектерінде ішінара кездесе, ал қазіргі заман тарихнамасында Ж. Қасымбаевтың зерттеулерінде (Қасымбаев, 1998), В. Кашляктың еңбегінде (Кашляк, 2002), П. Шаблейдің (Шаблей, 2020) зерттеулерінде және т.б. сипатталған.

Семей өңірінің мұсылмандар тарихына қатысты екі негізгі дереккөзге сол кездің ғұламалары Ахметуәли ибн Ғали әс-Семипулати және Құрбанғали Халидидің еңбектерін жатқызамыз (Frank, Usmanov, 2001). Сондай-ақ Құрбанғали Халидидің «Тауарих-и Хамса-и Шәрқи» кітабында Семейдің діни-қоғамдық келбетіне қатысты бірқатар деректер кездеседі (Халидоғлы, 1911).

Қолжазба түрінде сақталған еңбектер мен шәкірттердің жазбалары ұстаздардың діни-қоғамдық қызметтері жайлы мағлұмат жинауға мүмкіндік береді. Мысалы, Семей қаласының «Бір мұнаралы Ағаш мешіттің» қорында орта ғасырларға және ХХ ғ. ортасына дейінгі кезеңге тиесілі қолжазба кітаптар мен көне басылымдар сақталған (М. Насыровтың далалық материалдары, 2024). Болашақта бұл материалдардың Семей өңіріндегі ислам діні мен Абайдың ғұламалар ортасы және мұсылман халықтардың сол кездегі тұрмысы мен қызметін зерттеуге зор үлесін қосатыны анық.

Зерттеу барысында қолданылатын әдістердің қатарында тарихи-салыстырмалы талдау маңызды орын алды. Сонымен бірге деректанулық, герменевтикалық талдаулар арқылы қолжазбалар мен құжаттардың мазмұн, маңызын анықтауға септігін тигізді. Мәдени-тарихи және тарихи сын тәсілдері біз қарастырып отырған хронологиялық шеңбердегі діни ахуалдың тек рухани емес, қоғамдық-мәдени өмірге де ықпалын ашуға қолданылды. Ал пәнаралық әдіс тарих, дінтану, әдебиет және әлеуметтанудың ұштасқан тұстарын қарастырып, тақырыпты кең ауқымда талдауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар ауызша тарихты пайдалану сол кезеңнің куәгерлерінен жеткен естеліктерді ескеруге мүмкіндік берді.

Талқылау

ХІХ ғ. әлем тарихында империалистік құлшыныстармен танылса, империя құрамында өмір сүріп жатқан халықтар өзінің ұлттық болмысы мен ағартушылыққа деген қозғалыстарымен ерекшеленді. Империалистік құлшыныстарды табиғаты жағынан сыртқы экспансияға ұмтылған үстем күш ретінде қарастырсақ, бұл жағдайды ең алдымен империя құрамындағы халықтар сезініп, бейсаналық тұрғыда жүйенің әлсіреуін өздері үшін жаңа мүмкіндіктердің бастамасы деп қабылдағанын байқаймыз. Жекеленген халықтар осы империя ішіндегі жалғыздық пен шарасыздықты түсінгендей, ең алдымен арадағы кеңістікке және құрылған вертикалды, яғни тік басқару жүйесіне (vertical line of power) қарамай, көрші халықтармен қатарласып өмір сүруге әрекет жасады. Артынша империяның шегінен шығып, басқа елдердегі реформаларды көруді мұрат етті.

Тіпті бұл туралы пікірлерді сол кездегі мүфти де тысқары қалдырмаған. Айталық, тарихшы, ағартушы Риза Фахретдиннің 1908 ж. еңбегінде діндегі сұрақтар көтеріліп, Ресей бойынша жиналған хаттардың жиынтығы жарық көрген (Фахретдин, 1903). Жиынтықта көрсетілгендей, мүфти хазіреттің 1896 ж. жолдауында Русия дәулетінің кеңейгендігі себепті, исламдағы халықтың көпшілігі алыс жатқан уәлаяттарға кетіп, кейбіреулерінің өз әйелдеріне қолдау көрсетпей, тіпті қайда кеткендері жайлы да мағлұматтың жетіспеушілігіне тоқталған. Шетте қалған әйелдердің ауыр тұрмысын шешу мәселесін көтеріп, олардың «ауылдан ауылға, есіктен есікке ырызық іздеп жүргендерінен шарасыз болып, шариғат сотынан күйеулерімен некені бұзу туралы сұрайды» деп жеткізген. Мүфтият Ресейдің ойлы мұсылмандарынан бұған жауап жазуды сұраған. Мысалы, Семей облысының ахуны Ахметуәли хазіреттің мүфтиятқа жазған жауабы аталмыш жиынтықта жарық көрген (Фахретдин, 1903: 39).

Бұл деректер XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы діни-қоғамдық өмірде орын алған қайшылықтарды, әйелдер қауымының өз құқықтары үшін пікір білдірулері мен дін қайраткерлерінің қоғамдағы осы мәселені шешуге деген қызметтерін зерттеуге септігін тигізеді. Сондай-ақ Семей мұсылмандарының өңірдегі және жалпы мүфтият көлеміндегі үлестерін талдауға мүмкіндік береді.

Осы мысал негізінде қазақ даласының, соның ішінде Семей өңірінің орны айрықша. Ресей империясының XIX ғ. жүргізген әкімшілік-аумақтық реформаларына қарамастан, Семей қаласы сауда орталығы ретінде Қазақ хандығы тұсында қалыптасқан керуен жолдары арқылы Еділ-Орал, Түркістан және Шыңжаңдағы экономикалық, интеллектуалдық орталықтармен байланысын үзген жоқ. Бұны біз XIX ғ. 60-ж.ж. деректерден де көре аламыз. Мысалы, этнограф Ипполит Завалишин керуен жолдарына тоқталып, Семейдің дамуына қатысты келесідей пікір білдірген: «Но не взирая на всѣ эти колебанія мѣропріятій административныхъ, Семипалатинскъ, благодаря своему счастливому мѣстоположенію, росъ постоянно, обстроивался хорошо, торговал еще лучше!» (Завалишин, 1861: 80).

И. Завалишиннің сипаттамаларын зерделей келе, Семейдің XIX ғ. соңына қарай империялық кеңістіктегі периферияның пассивті қаласы емес, мәдени автономиясы қалыптасқан, оны сақтап қалуға қызмет еткен ағартушы буын өкілдері жиналған белсенді субъектіге айналғанын көреміз.

Өңір халқының басым көпшілігі мұсылмандар болғандықтан, олар өңірдің экономикасына ғана емес, рухани дамуына да қозғаушы күш ретінде белсене қатысып отырды. Бүгінгі таңда Семейдің XIX-XX ғ. басындағы мұсылмандар тарихына ғылыми қызығушылық танытып, сол қоғамдағы, мысалы, татар халқының үлесін зерттеп жүргендердің бірі т.ғ.к. Павел Шаблейдің еңбектеріне тоқталуға болады. Соңғы жылдары архив, мерзімді басылымдармен жұмыс жасаған ол Семейдің мұсылмандар тарихнамасына едәуір үлесін қосты (Шаблей, 2020).

Осы себепті, П. Шаблейдің зерттеу методологиясын тысқары қалдыруға болмайды. Оның айтуынша, Семей мұсылмандары империямен интеграцияға асық болмаған. Ал шенеуніктер шеткі аймақтарды орыстандыру идеяларына қарамастан, мемлекеттік билікті жүзеге асыруда концептуалдық әртүрлілікті

қамтамасыз етуге ұмтылған (Шаблей, 2020: 76). Бұндай жағдайда, әрине, өңір мұсылмандары орталықтандырылған биліктен алшақ қалып, жергілікті ерекшеліктерге сай мәдени алаңды, яғни автономияны құрап, даму жолына қарай жүруге қауқарлы болды. Өңір мұсылмандары қоғамдағы қайшылықтарды шешуде аталмыш мүмкіндіктерді тиісінше пайдалануға тырысты деп бағалай аламыз.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының Семейдегі ғұламалар ортасын зерттеуде жоғарыда айтылған себептерді ескеріп, бұған дейінгі зерттеушілердің көзқарастарын негізге алдық. Мысалы, бүгінгі таңда абайтануда өзінің алдындағы ғалымдардың ізденістерін талқылай келе, көлемді еңбектер жазып жүрген ғалымдардың бірі – ф.ғ.д., профессор, абайтанушы Тұрсын Жұртбай (Жұртбай, 2024).

Соңғы жылдары «Ахмет-Риза» есіміне қатысты деректер қоры толысып келеді. Ал Риза хазіреттің болмысын жаңаша қарастырған ғалымдардың қатарында т.ғ.к., профессор Амантай Исаұлын және тарих магистрі, археолог Айдын Жүнісхановты атап өтуге болады.

Зерттеуші А. Жүнісханов осы күнге дейін болмысы анықталмай келген Ахмет-Ризаның тұлғасына қатысты жаңа ойды ортаға ұсынды. Оның пікірінше, тарихи дереккөздерде Ахмет-Ризаға қатысты мәлімет кездеспейді (Жүнісханов, 2023: 7). Ал Семей өңірінде діни қызмет атқарғандардың қатарында Ризаеддин хазірет пен қасында Ахметжан хазіреттің аталуы бірқатар дереккөздерде кездесті. Екеуі де бір мешітте имамдық еткен. Осы деректерді салыстыра келе, зерттеуші екі түрлі есімнің «Ахмет-Риза» түрінде қосарланып қолданылғаны мүмкін деген қорытындыға келген (Жүнісханов, 2023: 7).

Бұл мақалада біз архивтік және мерзімді басылымдарда кездесетін деректерді негізге алып, сақталған қолжазбалардағы кейбір мәліметтер бойынша бірнеше сұрақты қарастыруға тырыстық.

Біріншіден, тарихи антропологиялық көзқарас тұрғысынан Абайдың Семейдегі ғұламалар ортасына тоқталып, қолжазба деректер бойынша ұстаздары мен олардың Семейдегі діни-қоғамдық қызметтері туралы түсінікті қайта қарастыруға әрекет жасау.

Екіншіден, Семей мешіттерінің XIX ғ. аталу ерекшеліктеріне тоқталып, Абай оқыған медресе ғимаратына қатысты кейбір пікірлерді ескеру.

Нәтижелер

Семейдегі Риза хазірет мешіті

XIX ғ. 40 ж.ж. Семей қаласында төртінші мұсылман махалласы қалыптасқан. Халықтың күшімен 1847 ж. бой көтерген №4 мешіттің алғашқы имамы болып Бұхара Шәрифте білім алған Ризаеддин Уәлидоғлы тағайындалған (Милли-мәдәни мирасыбыз, 2017: 255-256 бб.). Ол махалла – Семейдің бүгіндегі «Бір мұнаралы Ағаш мешіттің» орналасқан жері немесе қазіргі Юрий Гагарин және Ғабдолла Тоқай көшелерінің қиылысы (сурет 1).



Сурет 1. «Бір мұнаралы Ағаш мешіттің» ғимараты. Семей. 2024 ж.

XIX ғ. екінші жартысында төртінші мұсылман махалласы Риза хазіреттің ұстаздығымен танылып, алыс-жақынға белгілі болған. Ол ұстаздық еткен медреседе шәкірттер саны жыл сайын артып отырған. Мысалы, 1870 ж. Риза хазірет медресесінде 60 шәкірт білім алса, жамағаттың саны, ерлер мен әйелдерді қоса есептегенде, 716 кісіге жеткен. Сол кездегі облыстық басқарманың Орынбор мүфтиятына жолдаған есебі бойынша, Риза хазірет діни істермен ресми түрде 1851 ж. бастап айналысқан, нақтырақ айтқанда, діни дәрежеге өтіп, қызметін жалғастырған: «Ризаутдинъ Валитовъ приходскій мулла, изъ мѣщанскаго званія, мечети №4. Съ какого времени въ духовномъ званій – 1851 г. (БРҰА. Қ.295. Т.3. Іс.7466. П.6).

Осы архивтік деректі растайтын келесі бір дереккөз – Ахметуәли хазіреттің қолжазбасы. Семейдің мұсылман тарихнамасын жазған ғұлама Ахметуәли хазірет №4 мешіттің салынған жылын 1847 ж. деп көрсетіп, Риза хазіретті келесідей сипаттаған: «1847 жылы бұл мешітке Бұхара Шәрифте оқыған байыпты мінезді, ізгі, бойына бар жақсы қасиетті жинаған, діндар әрі әділ, Ғабд әл-Уахид мүфтидің емтиханынан өткен дамолла Риза ад-Дин хазірет имам болды. Және бұл дамолла Риза ад-Дин хазірет жақсы адам, келбетті әрі қайырымды, мейірімді еді. Және медресесінде шәкірттері көп болып, дәріс оқып ғұмыр кешті. Бұл ғазиз 1879 жылы дүниеден қайтты. Алла рақымына алсын» (Милли-мәдәни мирасыбыз, 2017: 255-256).

Екінші ғалым, тарихшы әрі діндар Құрбанғали Халиди Риза хазірет жайлы бірқатар деректерді жазып қалдырған. Оның хабарлауынша, Риза хазіреттің шығутегі башқұрт не ноғайдан, оқыған жері – Бұхара. Семейге оралып, имам әрі

мүдәріс болып қызметке келеді. Семейдің имам, ахун және қарилары әуелі соның медресесінде оқып, артынан Бұхараға баратын еді (Khalidi, 2005: 119, 140).

Жоғарыда келтірілген архивтік және қолжазбадағы дерекке сүйене отырып, №4 мешітке Риза хазіреттің 1847 ж. имамдық қызметке келіп, сәйкесінше 1851 ж. діни дәрежеге өткенін тұжырымдай аламыз. Себебі, мешіттің 1847 ж. салынғанын ескерсек, имамдық қызметке келу үшін қажетті құжаттарды рәсімдеп, Орынбор мұсылмандар басқармасынан тиісті рұқсат алу белгілі бір уақытты талап еткені анық. Осыған орай, Ризаеддин хазіреттің діни дәрежеге тек 1851 ж. өтуін жоғарыда келтірілген себептерге байланысты деп пайымдауға толық негіз бар.

Абайдың шәкірттік кезеңіндегі «Ахмет-Риза» медресесі

Ақын Абай Құнанбайұлының Семейдегі оқу жылдары көпшілікке мәлім деректер бойынша шамамен 1855-1859 ж.ж. сәйкес келеді. Әлихан Бөкейханның хабарлауынша, Абай 10-12 жасында қырда сауатын ашып, 12 жасында Семейдегі Ахмет-Риза медресесіне оқуға түскен (Букейханов, 1907). Хронологиялық жағынан бұл дерек Ахмет Байтұрсынұлының жазбасымен сәйкес. 1913 ж. «Қазақ» газетінің №39 санында: «Абай 10 жасынан 13 жасқа шейін қырда мұсылманша оқыған. 13 жасқа шығарда Семейде Ахмет Ризаның медресесінде оқыған» («Қазақ», 2009: 398).

Ол кезде Семейдегі Риза хазіреттің мешіті 1847 ж. бастап ашық болғаны жайлы деректерді жоғарыда талдап, келтірдік. Абайдың заманындағы мешіттердің тізіміне тоқталатын болсақ, оның оқу жылдарымен және «Риза» есімді ұстаздың есімімен сәйкес келетін жалғыз оқу орны – ол Риза хазіреттің мешіті.

Ал енді «Ахмет» есіміне қатысты орынды сұрақ ортада қалады. Сол кездегі архивтік құжаттарға жүгінетін болсақ, Семейдегі №4 Риза хазіреттің мешітінде мәзин, яғни азан шақырушы болып қызмет атқарған Ахметжанның есімі кездеседі: «При немъ (яғни, Риза хазіреттің қасында – авторлар) Азанчей Ахмеджанъ Губайдуллинъ из казанскихъ крестьянъ. Съ какого времени въ духовномъ званій – 1860 г. (БРҰА. Қ.295. Т.3. Іс.7466. П.6).

Ахметжан Ғұбайдолла оғлы туралы замандастары Ахметуәли хазірет те, Құрбанғали Халиди де өз еңбектерінде атап өтеді (Frank, Usmanov, 2001). Мысалы, ондағы деректер бойынша Риза хазірет қайтыс болған соң, мәзин және имамның қызметін атқарушы Ахметжан Ғұбайдолла оғлы имамдыққа келіп, қызметін жалғастырған (Frank, Usmanov, 2001: 78). Дәл осы деректі Ахметуәли хазірет те келтірген (Frank, Usmanov, 2001: 49).

Келтірілген деректерге сүйене отырып, хронологиялық реттілікке тоқталамыз. Біріншіден, 1847 ж. имамдық жолын бастаған Риза хазірет 1876 ж. дейін мешітте қызмет етіп, ұстаздық қылған. Демек 30 жылға жуық уақыт аралығында жергілікті халықтың бұл мешітті «Риза хазірет мешіті» деп атап кетуіне толық негіз бар. Бұл ойды зерттеуші А. Жүнісханов өз мақаласында келтірген (Жүнісханов, 2023: 7). Екіншіден, Риза хазіреттен кейін бұл мешітте Ахметжан хазірет 1876-1896 ж.ж. аралығында қызмет атқарған. Ахметжан хазіреттің 1896 ж. қайтыс болуы белгілі. Қабіртастағы мәтінде оның №4 махалла

имамы лауазымында 1896 ж. 77 жасында қайтыс болғаны жазылған (Милли-мәдәни мирасыбыз, 2017: 191). Яғни, тағы да 20 жыл уақыт. Хазіреттің көзі тірісінде мәзин болып жүрген Ахметжанның есімі, Риза хазіреттің есімімен әуелде «Риза-Ахмет», біріншісі қайтыс болған соң, көзі тірі имамды алдыға қойып, «Ахмет-Риза» мешіті деп аталып кеткенін, мысалы, жоққа шығара алмаймыз. Риза хазіреттің көзі тірісінде, архивтік құжаттарда №4 мешіттің кейбір жылдары «Риза хазірет мешіті» немесе «Яшел мәсжид» (Жасыл мешіт) деп аталғаны туралы деректер кездеседі (ҚРОМА. Қ.498. Т.1. Іс.7. П. 6-7). Тіпті, №4 мешіттің шамамен 1907 ж. кейін бұзылып (Кашляк, 2004: 510), сол махаллада салынған жаңа ғимараты ХХІ ғ. басына дейін өзінің тарихи жасыл түс элементтерін сақтап келді (сурет 2).



*Сурет 2. Семейдегі №4 мешіттің орнына
1907-1910 ж.ж. салынған жаңа мешіттің келбеті.*

(URL: <https://silkadv.com/en/content/mecheti-vostochnogo-kazahstana>)

Семейде 1870 ж. дейін жұмыс атқарып тұрған және онда қызмет еткен тұлғалардың есімдері архивтік құжаттарда (БРҰА. Қ.295. Т.3. Іс.7466), ал 1888 ж. дейінгі жалпы тарихы Ахметуәли хазіреттің еңбегінде және 1912 ж. дейін Құрбанғали Халидидің жазбаларында қамтылған. Архивтік құжаттағы мешіттер мен имам, мүдәрістердің тізімін арнайы кесте түрінде берсек (Кесте-1).

Көріп отырғанымыздай, берілген 1870 ж. тізім бойынша Семейдегі медреселер ішінде Ризаетдин мен Ахметжан есімді тұлғалардың бір уақытта қызмет атқарғаны туралы мәлімет тек №4 мешітте ғана көрініс табады. Бұл сәйкестік, әрине, бүгінгі ғылыми және әдеби ортада тараған «Ахмет-Риза» есімінің түп мәнін ашуға бағытталып отыр. Өйткені, Семейдегі ғұламалардың

арасында Ахмет-Риза есімді тұлғаның есімі архивтік құжаттардан да, XIX ғ. тарихи еңбектерден де әлі табыла қойған жоқ. Ал Семейдегі мешіт-медреселердің атауларына келетін болсақ, халық арасында олардың өзіндік атаулары қалыптасқан.

Кесте 1. Семейдегі мешіт-медреселер мен руханилардың тізімі, 1870 ж.

Мешіт №	Иманның аты-жөні	Азаншылардың аты-жөні	Шәкірттер саны	Жамағат саны (ерлер мен әйелдер)
1	Файзолла Ишмұхамметов	Сағит Сәйдашев, Хасан Ишмұхамметов	53	587
2 (соборная)	Облыс ахуны Ибраһим Абдразақов	Исмағил Абдразақов, Латиф Абдрашитов	124	429
3	Ахметсафа Әлмұхамметов	Салих Исаев	55	420
4	Ризаетдин Валитов	Ахметжан Ғұбайдуллин	60	716
5 (Заречная слободка)	Мұхаммедамин Мансуров	-		834
6 (Заречная слободка)	Семей уезінің қырғызы (қазағы – авторлар) Ахметжан Алтайбаев	-	55	210
7	Ахметуәли Мұнасыпов	Мұстафа Сағитов, қырғыз (қазақ – авторлар)	95	503
8	Ғабделжаппар Ғұбайдуллин	Сәйфолла Сәйдашев	110	507
Ташкентская	Хакімжан..., Мирная..., Сағидолла Сәйфуллин	Мұхаметбек Сағдарбеков, Маки... Сүлейман Рафиков	-	854
Жалпы саны: (авторлардың есептеуі бойынша)			552	5060

Мысалы, №1 мешіт – Шәфи бай немесе Ұлық мешіті, №2 мешіт – Соборлық мешіт немесе Ибраһим ахун мешіті, №3 мешіт – Бота мешіті немесе Ғайса хазірет мешіті, №4 мешіт – Жасыл мешіт немесе Риза хазірет мешіті, №5 және №6 мешіттер Семейдің сол жағалауында орналасқан (Тінібай, Төменгі слободка мешіті), №7 мешіт – Ахметуәли хазірет мешіті, №8 мешіт – Ғатият бай мешіті немесе Ғабделжаппар хазірет мешіті және №9 мешіт – Иштереков мешіті немесе Камали хазірет мешіті (ҚРОМА. Қ.495. Т.1. Іс.3; Қ.498. Т.1. Іс.18; Қ.498. Т.1. Іс.7. Қ.495. Т.1. Іс.24; Frank, Usmanov, 2001).

Бұл атауларға назар салсақ, мешіттердің атаулары не көп жылдар бойы имамдық еткен ұстаздармен не салуға қаражат бөлген байлардың есімдерімен аталатын болған. Келтірілген осы мысалда да Семейдегі Риза хазірет мешіті


«Ахмет-Риза» атауына сәйкес келетін бірден-бір нысан ретінде көзге түсетіні анық.

Риза хазіреттің болмысы мен Семейдегі рухани ортасы

Жалпы Риза хазіреттің шығутегі мен өміріне қатысты кейбір деректер ғалым Риза Фахретдин мен жергілікті тарихшы Құрбанғали Халидидің жазбаларында кездеседі. Мысалы, Р. Фахретдиннің еңбегінде Риза хазіреттің толық есімі Ризаэтдин ибн Уәлид ибн Құрбан деп жазылса, туған жері Минзәлә уезі деп көрсетілген. 13 жыл бойы Бұхарада тұрып, ұстазы Ғабд әл-Қадыр Ниязахмет әл-Фаруқиден тариқат бойынша куәлік алғаны да жазылған. Риза хазірет Һ. 1292 жылы, 19-зүлхижжә айында, яғни 1876 жылдың 16 қаңтарында қайтыс болған (Фәхретдин, 2010: 84).

Белгілі ғалымдар Аллен Франк пен Мирқасым Усмановтар Ахметуәли хазіреттің қолжазбасын ағылшын тіліне аударған кезде, Риза хазіреттің қайтыс болған жылын «1879» деп көрсеткен. Аталмыш қолжазбадағы мәліметті автордың немесе аудармашылардың қателігі деп қабылдауға асығудың қажеті жоқ, өйткені бұл деректі салыстыра тексеруге мүмкіндік беретін қосымша дереккөздер бар. Дегенмен қадыми жазуда 6 және 9 сандарының жазылуы ұқсас (۶/۹) – 1876/1879. Сан таңбадан қате кетуі де мүмкін (Frank, Usmanov, 2001: 49).

Оның үстіне 2023 ж. Семейдегі Ескі мұсылман қорымынан табылған қабіртас бұл сұрақтың нақтылана түсуіне зор үлес қосты (Насыров, 2023: 12). Таста «1876» жыл көрсетілген (Сурет-3). Қабіртастағы жазу: «1876 жылы / жерленді / Риза ад-Дин / бин Уәлид 4-ші / мешіттің имам[ы]». (М. Насыровтың далалық материалдары, 2023).



1876	۱۸۷۶
сәнә	سنه
мәдфүн	مدفون
Риза ад-Дин	ريضاءالدين
бин Уәлид 4-ші	بن وليد ۴نچی
масжид имам	مسجدامام

Сурет 3. Риза хазіреттің қабіріне қойылған эпиграфикалық ескерткіш.

Цифрлық кескінді өңдеу. Өлшемдері: 24×35×53 см.

Мадияр Насыров, Рамиль Рахимбаев. 06.07.2023.

Жоғарыда (сурет 3) келтірілген материалдарды негізге ала отырып, XIX ғ. екінші жартысындағы Семейде қызмет еткен ең беделді ғұламалардың біріне Риза хазіреттің тұлғасын жатқызуға болады. Бұл туралы тарихшы Құрбанғали Халидидің пікірі маңызды. Мысалы, оның хабарлауынша, Семей өңіріне h. 1290 ж. (1873-74 ж.ж.) келген генерал қаланың білімді ғалымымен сұхбат құруды мақсат еткен. Оған алдымен Ибраһим ахун шақырылғанымен, дүниетанымдық шеңберінің тарлығына байланысты, Ибраһим ахун генералға дамолла Ғабделжаппар мен дамолла Ризаеддин хазреттерді ұсынады. Әңгіме барысында Еуропа адамдарының Ыстанбұл мен Мысырда тәпсір, тарих, мантық және өзге де ғылымдарды меңгеруі сөз болып, жергілікті жерде мұндай білімнің шектеулі таралғаны атап өтіледі. Осыған орай, хазіреттер пікірталасты мазмұнды ету үшін есте сақтау қабілетімен ерекшеленген дамолла Камалетдинді шақырып, бірнеше сағатқа созылған діни-фәлсапалық пікірталасты өрбітеді. Генерал өз тәжірибесінде Ыстанбұл жақтарында тоғыз жылдық сапары кезінде түрлі ғұламалармен кездескенін айтып, дамолла Камалетдинді солардың деңгейіндегі білімпаз ретінде жоғары бағалаған (Khalidi, 2005: 151-152).

Қ. Халиди келесі бір жазбасында Риза хазіреттің есіміне тағы да тоқталып өткен: «Семейдің мәшһүр ғалымдарынан бірі дамолла Ризаеддин қайтыс болғаннан кейін, бүгінгі танымал мүдәрістердің әуелгісі – түрлі ғылымдарда, әсіресе қалам ілімінде, тарих ғылымдарында терең білімі бар дамолла, қажы Камалетдин әпендідүр» деп мысалға келтіріп, көпшілікке оның бір-екі бет көлеміндегі мақаласын ұсынған (Халидоғлы, 1911: 396).

Бұл жерде Семей өңірі имамдарының тарихын жазған Қ. Халиди XX ғ. басындағы ақсақал Камалетдин хазіреттің алдында тұрған мәшһүр ғалымдардың ішінде Риза хазіреттің есімін атағаны, оның 1876 ж. қайтыс болса да, XX ғ. басында әлі де танымал болғандығын айғақтап тұрғандай. Ал Камали хазірет 1865 ж. бастап (Khalidi, 2005: 143-144) Семейдің діни-қоғамдық ортасында Риза хазреттердің өзі мойындаған ірі ғалымдардың қатарынан орын алғаны, сөзсіз, осы контекстте анық байқалады.

Халидидің жазбасына қарай, XIX ғ. екінші жартысында Семей өңірінде қадымшылдық көзқарастардың ықпалды болғанын көреміз. Пікірталас барысында көтерілген мәселелерден байқайтынымыз – жергілікті діни-оқу жүйесі дәстүрлі медреселік үлгіге тірек еткен. Мұндай білім ордалары, негізінен, шариғат қағидаларын игерумен шектеліп, ғылымның жүйелі дамуына кең өріс аша қоймаған. Соған қарамастан қадымшылдық ұстанымдағы хазіреттер жергілікті мұсылман қауымының діни-рухани бірегейлігін сақтап, жаңа ғылымдарға қызығушылықпен қарағанын Риза хазірет пен генерал арасында болған сұхбаттан көріп, бағалай аламыз.

Демек Абайдың Семейдегі ғұламалар ортасының XIX ғ. 50-60 ж.ж. әлі де қадымшыл көзқараста болғанын ескеру керек. Оны жазушы, ғалым М. Әуезов ескеріп, келісі пікірді қалдырған: «Оқу, әрине, ескіше, ылғи дін сабақтары. Соның көбін араб, парсы тілдерінде оқиды. Жалпы медреселерде кейінгі заманға шейін сақталып келген салтқа қарағанда, түркіше оқу жолшыбай ғана оқылатын қосымша оқу болады (Әуезов, 2014: 162).

Жәдидтік қозғалыстың Ресей мұсылмандары арасында кең өріс алуы Исмаил Ғаспыралының 1883 ж. шығара бастаған «Тәржіман» газетінің таралу жылдарымен сәйкес. Мысалы, ғалым Веджихи Хекимоғлуның айтуынша, «Жаңа әдіс» ұғымының тарауына негіз болған Исмаил Ғаспыралының баспагерлік өмірі 1881 жылы шыққан «Тонгуч» журналымен басталса да, атақты «Тәржіман» газетін шығару үшін ол патша билігімен 4 жыл бойы келіссөздер жүргізген [8, 12]. Алғашында түріктердің жан-жақты мәліметке қол жеткізу әрекеті болып табылған «Жаңашылдық» аталған реформа қозғалысы XIX ғ. екінші жартысының басында тіл, оқу-білім және дінге байланысты салаларда жаңару реформасы ретінде бастау алады [8, 16].

Қ. Халиди Семей өңіріндегі Көктеректе имам қызметін атқарған Дәут молда туралы айта келе, оның ғылым салаларын терең меңгергенін және ұстазы Камалетдин хазіреттен тәлім алғанын атап өтеді. Кейіннен ол Ыстанбұлдағы белгілі жазушы Ахмет Мидхатпен достасқан. Естеліктерге сүйенсек, сол кезеңде Ыстанбұлға келгендер «усул жәдид» бағытындағы оқыту тәсілін қолдауы тиіс еді. Алайда Дәут молда дәстүрлі қадымдық оқыту үлгісін ұстанатын еді. Оның өз сөзімен айтқанда: «Жәдидтердің әдісіне қарағанда, әріптерді жылдам үйретемін әрі ғылымдардың кең ауқымын қамтимын». (Khalidi, 2005: 115-116).

Жәдидшілдердің Семей өңіріне енуі едәуір кеш жүзеге асқанын аңғаруға болады. Дегенмен қадым үлгісін ұстанған діндар ғұламалардың сопылық тариқатқа қатысып, ислам ғылымдарының әртүрлі саласын меңгеруге ұмтылуы Семейді ірі діни-ғылыми орталықтардың біріне айналдырды. Бұл жерде М. Әуезов келтіргендей, бала Абайдың есею жолы алғашында осы Семейдегі ғұламалар ортасы мен оның өзіндік қабілеті мен ізденістерінің тоғысуында болғанын ескерген жөн.

Риза хазірет медресесі

XX ғ. басына қарай Семей мешіттерінің жеке уақфтары мен кітапханалары қалыптасқан (Шаблей, 2020: 83). Бүгінгі таңда мешіт-медреселерден қалған уақф кітаптардың бір бөлігі біз қарастырып отырған Риза хазіреттің медресесінде, қазіргі «Бір мұнаралы Ағаш мешіттің» кітап қорында сақтаулы. Мешіттегі кітаптардың бір бөлігі тікелей мешіт тарихымен байланысты болса, енді бір бөлігі жылдар бойы аманат ретінде кітапхана қорына тапсырылып келген. Бұл жерде «аманат» ұғымы әсіресе Семейде 1950-2000 ж.ж. аралығында өмір сүрген аға буын өкілдеріне көбірек тән. Себебі, соғыстан кейінгі ауыр жылдары қала жұртшылығы қасиетті Құран Кәрім, хадис жинақтарды мешітке аманат етіп тапсыруды дәстүрге айналдырған. М. Насыровтың үлкен әжесі Миңхәят Сиражетдинқызы да (1913-1999) Құран парақтарын аталмыш мешітке тапсырған. Кейбір парақтар М. Насыровтың жеке қорында сақталған (М. Насыровтың далалық материалдары, 2015). Өз заманында бұл дәстүрді мешітке қызмет еткен Шакиржан қари мен Алдаберген қария дәріптесе, бүгінде бас имам Дәулет Мақажан да, қаланың діндары Рамиль Рахимбаев та халық арасында сондай дәстүрдің болғанын еске алып, дәріптеп келеді. Бұның өзі ұрпақ арасындағы терең рухани сабақтастық пен байланыстың жемісі ретінде

зерттеушілерге естелік материалдармен жұмыс жасауға зор мүмкіндік туғызып отыр.

Кітап қоры мамандар тарапынан зерттеліп, көшірмелері алынған жағдайда, артынша өзінің ортасы Семей қаласында сақталуын; жергілікті халықтың аманатын орындап, тарихи мешіттің қарамағында өңір әрі ел тарихына ортақ тұрғызылған заманауи кітапханада сақталуын дұрыс деп санаймыз. Бұл сұрақтың оң шешілуі, әрине, мүфтият пен қолжазбатанушы ғалымдардың құзырында қалмақ.

Бүгінгі таңда, Семейдегі «Бір мұнаралы Ағаш мешіттің» қасында бір қабатты ескі ағаш ғимарат сақталған. Жергілікті халықтың естеліктері және өлкетанушы Шавқат Файзуллиннің (1936-2024) деректері бойынша «Бір мұнаралы Ағаш мешіттің» байырғы медресе ғимараты сол (М. Насыровтың далалық материалдары, 2023). Қазіргі таңда тұрғын үй ретінде жеке тұлғаның меншігінде қалып отыр (сурет 4). Үйде өмір сүруші N есімді әженің (1937 ж. туған) дерегі бойынша, ілкі жылдары сол үйде медресе болған. Әженің Мәстүрә есімді анасының дәл осы ғимаратта арабша оқығандығы туралы естеліктері сақталған (М. Насыровтың далалық материалдары, 2025).

Семейдегі №4 мешіттің 1847 ж. салынғанын және Абайдың оқу жылдарын осы діни орталықпен байланысты болғанын болжасақ, онда бұл арқылы ақынның білім алған медресесі өзінің бастапқы қалпын сақтап, бүгінгі күнге дейін жеткен деген ғылыми болжамға да келуге мүмкіндік бар. Дегенмен ғимаратқа қатысты архивтік деректерді мақаланы жазу барысында кездестірмеуімізге байланысты бұл сұрақ ашық қалып отыр.



Сурет 4. Байырғы медресе ғимараты. Мадияр Насыров. Фотосурет: 3.07.2021.


XV ғасырдың қолжазбасы және Риза хазіреттің мөрі

Мешітте сақталған қолжазба кітаптардың ішінде біреуі ғана Риза хазіреттің есімімен байланысты екені белгілі (М. Насыровтың далалық материалдары, 2024). Ол – Хафизуддин Кердеридің (1424 ж. қайтыс болған) «Әл-Баззазийа»

еңбегі. Автор «Әл-Баззазийа» еңбегін 1409-10 ж. аяқтаған. Бұл еңбекте алғашқы Ханафи имамдарының пікірлері мен кейінгі кезеңдерде Ханафи ғұламаларының берген пәтуалары жинақталып, сенімді кітаптардың негізінде құрастырылған. Имам Әбу Ханифа мен оның шәкірттерінің, сондай-ақ кейінгі ғалымдардың пікірлерін айта отырып, оларға баға беріп, пәтуаға сәйкес таңдау жасауы әл-Баззазидің ғылыми қуатын көрсетеді (Электронды ресурс, URL).

Аталмыш тұлғаның еңбегі Семейдің «Бір мұнаралы Ағаш мешіттің» қорында сақтаулы. Әлем бойынша осы еңбектің көшірмелері баршылық. Мысыр, Қазан баспаларынан басылып шыққаны бүгінгі ғылыми ортаға мәлім. Ал Семейде сақталған бұл нұсқасы ең алғашқы көшірмелердің бірі болуы ықтимал. Көне кітаптың ішіне үңілсек, онда Османлы мемлекеті тұсына тиесілі жазбалар мен уақф мөрлері кездеседі. Былғарымен түптілелген кітаптың ішкі парақтары толық сақталған. Еңбектің соңғы беттерінде Ижраның 901 ж., яғни, 1496 ж. көшірілгені көрсетілген.

Форзац бетінде белгісіз бір адам (кітаптың кезекті иесі болса керек) Османлы мемлекетінің падишахтарын тізбектеп, олардың билік еткен жылдарын көрсеткен. Соңғы жазба II Сүлейман сұлтанның есімімен аяқталған. Соған қарағанда, кітаптың кезекті иесі II Сүлейманның тұсында, яғни, шамамен 1640-1690 ж.ж. аралығында өмір сүрген. Тағы бір жазба H. 1088 жылына, Жұмаділәууәл айы, яғни 1677 ж. дәл келеді. Онда кітаптың иесі «Рұқынаддин Мехмет әл-қажы» деп көрсетілсе, қаланың атауы да – «Қынстантинийе әл-Мехмет» түрінде берілген.



Сурет 5. Семейде сақталған «әл-Баззазийа» көшірмесінің ішкі парағы.

Өлшемдері: 22,5 × 32 см.

Қолжазбаның ішкі парақтарында уақф мөрінің бедерлері де кездеседі (сурет5). Араб қаріпінде берілген бедердегі жазуды оқысақ: «*Уақф әл-қажы Омар әфенді 'ан Прауади, 1113*». Бұл жазу арқылы көне қолжазбаның Османлы мемлекетіне қараған Прауадилік (Болгарияның Провадия қаласы?) Омар әфенді деген кісімен байланысын көреміз. Мөр бедеріндегі 1113 ж. – 1701/02 ж. сәйкес келеді (М. Насыровтың далалық материалдары, 2024).

Риза хазірет бұл қолжазба кітапты Бұхарадан немесе қажылық сапардан алып келуі мүмкін. Бәлкім басқа да жолдармен Семейге жеткен болар. Қолжазбаның қазақ жеріне жету тарихын зерттеу әлі де өзекті қалып отыр.

Кітаптың форзац беттерінің бірінде мөрдің бедері мен еңбек туралы қысқаша анықтама жазылған (сурет 6). Мөрдің бедеріндегі жазу: «*Әр-ражи мин фазл әл-Мәжид, молла Ризаетдин бин Уәлид, 1278*» (М. Насыровтың далалық материалдары, 2024). 1278 ж. 1861/62 ж. сәйкес келеді. «Ұлы Жаратушының сеніміне жүгінген, молда Ризаетдин бин Уәлид» ұғымындағы жазу сол кездегі мөрлерге тән құбылыс. Мөрдің бұл бедері Риза хазіреттің Семейдегі қызметін зерттеуге қосатын деректердің бірі ретінде негізге алынып отыр.



Сурет 6. Мөрдің бедері. Қағаз бетінде 2×2 см аумағында басылған.

Мөр бедеріндегі жазу:

«Әр-ражи мин фазл әл-Мәжид, молла Ризаетдин бин Уәлид, 1278»

Риза хазіреттің отбасы туралы кейбір деректер Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архивінде кездеседі. Айталық, 1856 ж. Риза хазірет пен әйелі Хәбибә Халидқызының отбасында Салах ад-Дин есімді ұлдары дүниеге келген (ҚРОМА. Қ. 498. Т.1. Іс.10. П. 13). Ғалым Риза Фахретдиннің хабарлауына қарай, хазіреттің жалғыз ұлы өзінен ерте қайтыс болып, бір қызы күйеуде қалған (Фәхретдин, 2010: 84).


Осылайша, жоғарыда аталған мәліметтер бойынша, Абай Құнанбайұлынан (1845-1904) 35 жасқа үлкен болған Ризаетдин хазірет ибн Уәлидті (1810-1876) оған дәріс оқыған ғұламалардың қатарына қосып қарастыруды және есімін

«Ахмет-Риза» медресесімен байланыстырып, Семейдің мұсылмандар тарихнамасы мен абайтануға қатысты жаңа ғылыми ізденістерді қосуға тырыстық.

Ахметуәли хазірет ибн Ғали ибн Мүнәсіп

Семей өңірінің мұсылман тарихнамасын жазған, Абайдың діни істер бойынша кеңесшісі болған, кезіндегі Семей облысының ахуны, Ахметуәли хазірет 1833 ж. Семей қаласында дүниеге келген. Сауатын Риза хазіреттің медресесінде ашып, оқуын Бұхара Шәрифте жалғастырған (Милли-мәдәни мирасыбыз, 2017: 260-261 бб.). Тіпті, оның шәкірттік жылдарында жазған қолжазба кітабы сақталғаны анықталып отыр. Ол – «Шарх Молла Жәми», «Кифайя әл-мишракул мәғриб» мәтіндерін қамтыған еңбек. Қолжазбаның соңғы парағында Ахметуәли хазірет келесі жазбаны қалдырып, аяқтайды: «Қад уәқағ мин тәсүид би-һәзәл Китаб бәғүн Алла л-Мәлик әл-Уаһаб фи йад әл-ғабд, әз-зәғиф, әл-фақир, әл-хақир, молла Ахметуәли бин Ғали әс-Семеуи фи мәдрәсә-и дамолла Риза ад-Дин бин Уәлид фи бәлдатү Семей, ғафирулла зүнүбүһүм уә Алла (...) әйүбүһүм амин, йа Раббил ғаләммин би-хүрмәти сайд әл-Мүрсәлин, фи сәна-и Һижри 1269, фи сәна-и милади 1852». Яғни, бұл жерде Ахметуәли хазірет кітапты Ұлы Алланың көмегімен Семейдегі Риза хазірет медресесінде 1852 ж. жазып болғаны туралы мәліметті келтірген (М. Насыровтың далалық материалдары, 2024).

Ахметуәли қолжазбасын 1852 ж. Семейде жазып аяқтаса, бұл кезең Абайдың шәкірттік жылдарына жақын келеді. Абайдың бала күннен Ахметуәлимен таныс болу ықтималдығын жоққа шығармаймыз. Екеуі бірге Риза хазіреттің медресесінде 1850-1860 ж.ж. оқулары әбден мүмкін. Дегенмен Ахметуәли хазірет Семейдегі медресені 1852 ж аяқтап, оқуын Бұхарада жалғастырды деген ойға келеміз. Себебі, ғалым Риза Фахретдиннің айтуынша, Ахметуәли хазіреттің Бұхарадағы оқуы 12 жылға созылған (Фахретдин, 2010: 268). Ахметуәли хазіреттің өзі баян еткендей, ол туған еліне тек 1864 ж. қарай оралып, имамдық лауазымға келген (Милли-мәдәни мирасыбыз, 2017: 260).



Сурет 7. Мәрдегі мәтін: «Әл-Мүтәваккилу Ғали Аллаһ әл-Ғани, Молла Ахметуәли бин Ғали, 1277». 1277 ж. – 1860/61 ж. сәйкес келеді.

Оған дәлел ретінде Ахметуәли хазіреттің келесі қолжазбасын мысалға келтіруге болады. Ол – толық сақталмаған, мұқабасы жоқ, өлшемдері 13 × 19,5 см болатын жинақ. Қолжазба араб тілінде, настағлиқ хатымен бір парақта 17 жолдан жазылған. Соңғы парағы сақталған. Онда Ахметуәлидің аталмыш көшірме кітапты Һ. 1269, яғни 1862/63 ж. жазып аяқтағанын; жазылған орны – Бұхарадағы Абд әл-Ғазиз хан медресесінде, Мұзафар Баһадүр сұлтанның кезінде екенін көрсеткен. Кітаптың ішкі парақтарында хазіреттің мөрі басылған (сурет 7).

Ахметуәли хазірет Бұхарада тек дәстүрлі діни білім алып қана қоймай, сопылық ілімді де меңгерген. 1864 ж. қарай арнайы куәлікпен елге оралып, кейінгі жылдары халық арасында абыройлы тұлға ретінде танылған (Шаблей, 2020: 81,87). Бұхарада 1862/63 ж. аяқтап жазған қолжазбасы, оның сол жылы оқуды аяқтап, 1864 ж. Семейдегі №7 мешітке имам болып тағайындалуы хронологиялық тұрғыдан сәйкес келіп, екі дереккөзді өзара растап тұр.

Осымен, Ахметуәли хазіреттен қалған үш қолжазба кітап белгілі:

1. Семейдегі Риза хазірет медресесінде 1852 ж. көшірген кітабы;
2. Бұхарадағы Абд әл-Ғазиз хан медресесінде 1862/63 ж. көшірген кітабы;
3. Семейде 1888 ж. жазған «Кітаб-ы тауарих-ы Семипулат қала» кітабы (Frank, Usmanov, 2001: 9).

Ахметуәли хазірет 1902 ж. Одесса қаласында қайтыс болып, сол жердің Мұсылмандар қорымына жерленгендігі туралы дерек ғалым Риза Фахретдиннің еңбегінде кездеседі. Сонымен қатар оның «Кітаб-ы тауарих-ы Семипулат қала» еңбегі жайлы де естіген. Алайда, Риза Фахретдиннің хабарлауынша, аталған еңбек Шиһабетдин Мәржанидің көзі тірі кезінде қолына тимеген. Егер бұл еңбек оған белгілі болған жағдайда, оны сөзсіз «Мөстафәдел-әхбар» жинағына енгізген болар еді деп жазады автор (Фәхретдин, 2010: 268).

Жалпы XIX ғ. орта тұстарында Риза хазірет пен Ахметуәли хазірет және басқа да Семей ғұламаларының сопылық тариқатта болуы, атап айтқанда нақышбандийа-мүжәдидийә бағыты бойынша куәлік алулары (Шаблей, 2020: 87) қаладағы қадыми діннің басымдылығын көрсетсе керек. XX ғ. басында ғалым Құрбанғали Халиди бұл мәселеге тоқталып өткен. Оның айтуынша, жәдидтік мектептер Семейде тек 1907 ж. кейін ашылса, ал 1912 ж. қайтадан қадыми мектептердің ықпалы арта түскен (Frank, Usmanov, 2001: 2).

Бұл туралы қызықты мәлімет «Қазақ» газетінің 1913 ж. №12 санынан көруге болады. Онда Серік есімді азаматтың Камалетдин хазіреттің екі мұзыны (азаншысы) бұзықтық қылғанын жазып, «Усул жәдид харам деп дүниені жаңғырықтырып жүрген мұзындар» деп өзінің пікірін қосқан («Қазақ», 2009: 123). Бұған қарағанда Қ. Халидидің қадымшылдардың ықпалы 1912 ж. кейін артты деген пікірі дұрыс болып шығады. Ал оның ішінде Камалетдин хазіреттің аталуы XIX ғ. ғұламалар мектебінің Семейдегі ықпалы өте зор болғанын аңғартады. Осындай күрделі пікірталас жылдары қазақ даласында мұғалім мен молданың айырмашылығы жайлы мақаланың көтерілуі әбден орынды еді. Бұл туралы мақала «Қазақ» газетінің №22 санында жарық көрген: «...Молданы осы кезде мұғалім деп жүрміз. Мұғалім – үйретуші деген сөз. Молда мен мұғалімнің айырмасы бар...» («Қазақ», 2009: 219). Біріншіден, молдалар дәстүрлі діни білім

берумен, яғни Құран, шариғат ілімі, араб-парсы тілдерін үйретумен айналысса, мұғалімдер жаңа үлгідегі жәдидтік мектептерде арифметика, география, жаратылыстану сияқты зайырлы пәндерді оқытумен ерекшеленді. Бұл айырмашылық діни білімнен бөлек, жаңа дүниетанымдық бағдардың қалыптасуына жол ашты. Екіншіден, «молда» ұғымы көбіне ауылдық ортада сақталып, шариғи құндылықтарды жеткізуші ретінде қабылданды.

Ал «мұғалім» сөзі қоғамда жаңаша педагогикалық бағыттың, яғни ұлтты ілгерілетуге бағытталған ағартушылық қозғалыстың көрсеткішіне айнала бастағанын осы XX ғ. басындағы мерзімді басылымдардың беттерінен кезіктіріп отырмыз.

Ғабд әл-Жаппар хазірет ибн Ғұбайдолла

Ал Абай есімімен бірге айтылатын Ғабделжаппар есімді тұлға Семейдің №8 мешітінде имамдық еткен. Ақын Абайдың сол хазіретпен орта жастарында таныс болып, пікір алмасқандығында еш шүбә жоқ. Ахметуәли хазіреттің жазбасына сүйенсек, Ғабделжаппар хазіреттің Бұхарадан Семейге келуі шамамен 1850-60 ж.ж. сәйкес келеді. Сонымен қатар оның 1859 ж. тұрғызылған жаңа №8 мешіттің алғашқы имамы Хисаметдин молда қайтыс болғаннан кейін ғана имамдық қызметке тағайындалғаны айтылады (Милли-мәдени мирасыбыз, 2017: 262). Бұл мәлімет негізінде Бұхарадан енді оралған Ғабделжаппар хазіретпен Абай оқу барысында немесе ой-пікір алмасуда кездесуі ықтимал деген жорамал жасауға болады.

Семейдің №8 мешітінде қызмет еткен бұл ғұламаның есімі қала жұртшылығына аян. Абай заманында аты қалған ғұламаның пікірталастарға қатысып, маңызды жиындарда сөз сөйлегені жазбаша да, ауызша деректерде де тараған. Ол туралы Ахметуәли хазірет былай дейді: «Семей қаласының қауымы артып, 1859 жылы Ғатийатулла бай жаңа мешіт салуды ұйғарады. Оның алғашқы имамы Қазан жағынан келген Хисаметдин молда болған. Сол кезде Бұхарадан қайтып келе жатқан Абд әл-Жаппар Ғұбайдолла оғлы Семейге соғып, Хисаметдин молданың қызына ойламаған жерден некелескен. Артынша Семей медресесінде оқып, молданың өлімінен соң, имамдық етіп өзі қалады. Медресесінде жақсы дәріс оқыды. 1881 жылы қажылық сапардан қайтып келегенде, Түркиядегі карантинде қалып, сонда қайтыс болады (Милли-мәдени мирасыбыз, 2017: 262).

Жалпы осы мақалада мысалға келтірілген ғұламалардың қадымшыл ортада қалыптасқанын ескерсек, онда Семейдегі ислам ілімінің XX ғ. басындағы жәдидтік бағытты қабылдау үрдісі салыстырмалы түрде баяу жүргеніне куә боламыз. Қадымшылдар дәстүрлі медреселік оқыту жүйесін сақтап, шариғат пен фикһ негіздерін басты білім өзегі ретінде ұстанса, жәдидшілдер жаңа әдісті («усул-и жәдид») енгізіп, дінмен қатар жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді оқытуды талап етті. Бұл пікірталас Семейдегі мұсылман қауымының мәдени-рухани жаңғыруына ықпал еткені сөзсіз. Қазақтың ұлы ақыны Абайдың осы қадымшыл ортадағы жәдидтік бағытқа қатысты ұстанымын оның жеке дүниетанымдық ізденістері мен ағартушылық талпыныстарының табиғи нәтижесі ретінде бағалауға болады. Бұл тұрғыдан алғанда, Абайдың шәкірттік

кезеңі дәстүрлі діни-рухани ортада өтсе де, жаңашылдыққа бет бұруы оның жеке интеллектуалдық қабілетінің жемісі ретінде бағаланады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы Семей қаласы тек географиялық орталық емес, сонымен қатар рухани-ағартушылық қозғалыстың, ұлттық сананың оянуы мен діни білімнің даму ошағы ретінде ерекшеленген қалалардың бірі болды. XIX ғ. ғұламалар ислам ілімін терең игеріп, оны адамгершілік, әділет пен білім сияқты құндылықтармен байланыстыра насихаттады. Дегенмен XX ғ. басына қарай қадымшылдар мен жәдидшілдердің арасындағы пікірталастар қоғамның рухани және әлеуметтік дамуына елеулі ықпал еткенін атап өткен жөн. Бұл пікірталастар тек діни-ілімдік сипатпен шектелмей, мәдени-ағартушылық, қоғамдық-саяси және ұлттық өзіндік сананың қалыптасуымен тығыз байланыста болды. Нәтижесінде дәстүршілдік пен жаңашылдықтың тоғысында қоғам ішкі эволюциялық серпінге ие болып, интеллектуалдық өрістің кеңеюіне жол ашты.

XIX ғ. Абай білім алған «Ахмет-Риза» медресесінің тарихын қайта зерделеу мәселесін осы мақалада қарастыра отырып, біз одан арғы ғылыми ізденістерге негіз бола алатын талдамалық пайымдауларды жүргіздік. Мұндағы мақсат ретінде қолда бар дереккөздерді жан-жақты талдау арқылы медресенің тарихи-мәдени рөлін ашып қана қоймай, болашақтағы кеңейтілген зерттеулерге бағыт-бағдар беру көзделді.

Семейде сақталған қолжазбалар мен жазба мұралар – сол кезеңнің ой-санасы мен дүниетанымынан сыр шертетін баға жетпес дереккөздер. Оларды зерттеу мен ғылыми айналымға енгізу мәселесі өзектілігін жоғалтпайды.

Қарастырылған материалдардың негізінде Семей өңіріндегі діни-қоғамдық қызметті, татар ғұламаларымен қатар еңбек еткен өзге де мұсылман халықтарының өкілдері қазақ халқымен етене араласып, өңірдің дамуына үлес қосқандарын көреміз.

Әдебиеттер тізімі

Абрамов Н. Областной город Семипалатинск. Записки Императорского Русского географического общества. Кн. 1. СПб, 1861. Pdf.

Әуезов М. Шығармаларының ел томдық толық жинағы. 35-Т. Мақалалар, зерттеулер. 1956-1957. – Алматы, 2014. – 416 б.

Башқортостан Республикасының ұлттық архиві. Қ.295. П.3. Іс.7466.

Букейхановъ А. Абай (Ибрагимъ) Кунанбаевъ. Записки Семипалатинскаго подьотдѣла Западно-сибирскаго подьотдѣла Императорскаго русскаго географическаго общества. Выпускъ III-й. – Семипалатинскъ, 1907. – С. 1-8. Pdf.

Жүнісханов А.С. Абайдың ұстазы Ахмет Риза жайлы не білеміз? Мұнара. №16 (94). – 2023. – 7 б.

Жұртбай Т. Абай (Соқтықпалы, соқпақсыз өткен өмір). Өмірбаян. – Алматы: Атамұра, 2024. – 240 б.

Завалишин Ипполит Иринархович. Описание Западной Сибири: [в 3 томах], соч. Ипполита Завалишина. – Москва: Издание Общества распространения

полезных книг, 1862-1867. Т. 3: Сибирско-Киргизская степь. – 1867. – [2], 145, [5], IV с.; 20 см. – Нет стр. 81-86. Pdf.

Касымбаев Ж. История города Семипалатинска (1718-1917 гг.). – Алматы, 1998. – 276 с.

Кашляк В.Н. Семипалатинск. Три века истории. – Новосибирск, 2002. – 371с.

Кашляк, В. Н. Храмы Семипалатинска: прошлое и настоящее: (хронология событий). – Семипалатинск, 2004. – 610 с.

«Қазақ» газеті. 1913 жыл. Құраст.: С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 480 б.

Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві. Қ.498. П.1. Іс.7.

ҚРОМА. Қ.495. П.1. Іс.24.

ҚРОМА. Қ.498. П.1. Іс.3.

ҚРОМА. Қ.498. П.1. Іс.10.

ҚРОМА. Қ.498. П.1. Іс.18.

Мадияр Насыровтың далалық материалдары. Жеке қорда сақталған Құран парақтары. Семей. 2015.

Мадияр Насыровтың далалық материалдары. Семейдегі Ескі мұсылман қорымын зерттеу. М. Насыров және Р. Рахимбаевтың тәуелсіз зерттеулері. Семей. 2023.

Мадияр Насыровтың далалық материалдары. Өлкетанушы Шавқат Файзуллинмен сұхбат. Семей. 22.05.2023.

Мадияр Насыровтың далалық материалдары. «Бір мұнаралы Ағаш мешіттің» қорымен жұмыс. Семей. 2024.

Мадияр Насыровтың далалық материалдары. N есімді (1937 ж. туған) қала тұрғынымен сұхбат. Семей. 31.03.2025.

Милли-мәдени мирасыбыз: Қазақстан татарлары. Редколлегия: К.М. Миңнуллин (рәис), И.Г. Гомәров, М.И. Әхмәтжанов. Семей. – Казан, 2017. – 360б.

Насыров М. Семейдегі Ескі мұсылман қорымы. Республикалық Абай журналы. №5 (162). 2023. – 6-15 бб.

Фахреддин Р. Моталәга. – Троицк, 1908. – 92 б. Pdf.

Фәхреддин Р. Асар. 3-4 Т. – Казан: Рухият, 2010. – 648 б.

Халидоғлы Қ. شرقي خمسة تواريخ (Тауарих-и Хамса-и Шәрқи). – Казан, 1911. Pdf.

Шаблей П.С. История татарской общины Семипалатинска. Историческая этнология. 2020. Т. 5, № 1. С. 75–94. DOI: 10.22378/he.2020-51.75–94.

Электронды ресурс. BEZZÂZÎ. İslam Ansiklopedisi. [Электронды ресурс]. URL: <https://islamansiklopedisi.org.tr/bezzazi> (жүгіну датасы: 25.03.2025).

Allen J. Frank, Mirkasyim A. Usmanov. Materials for the Islamic History of Semipalatinsk: Two manuscripts by Ahmad-Wali al-Qazani and Qurban ali-Khalidi, ANOR 11. Berlin, 2001. Pdf.

Qurban Ali Khalidi. An Islamic Biographical Dictionary of the Eastern Kazakh Steppe (1770–1912) / Ed., A.J. Frank, M.A. Usmanov. Brill-Leiden-Boston, 2005. – P. 1-179.

Мадияр Г. Насыров¹, Мухтарбек К. Каримов²
Университет Шакарима (Семей, Казахстан)

К ВОПРОСУ ОБ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОМ ОКРУЖЕНИИ АБАЯ В СЕМЕЕ (РЕЛИГИОЗНО-ОБЩЕСТВЕННЫЙ ОБЛИК ГОРОДА НА РУБЕЖЕ XIX– XX ВЕКОВ В РУКОПИСЯХ И АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ)

Аннотация. Значение изучения истории города Семей на основе междисциплинарных исследований в последние годы всё более возрастает наряду с краеведческими изысканиями. В этом процессе, наряду с историей города, в качестве самостоятельных объектов исследования всё чаще выступают жизнь и деятельность деятелей культуры, религии, литературы, искусства и экономики. Особое внимание уделяется введению в научный оборот забытых имён малоизвестных общественных деятелей, а также популяризации их наследия.

Основная цель статьи – представить письменное наследие учёных времён Абая на основе рукописей, сохранившихся в Семее, а также представить научному сообществу новые представления о религиозных деятелях XIX – начала XX вв. и их религиозности.

Большое значение в исследовании историографии мусульманской общины Семей имеет изучение религиозной и общественной деятельности представителей татарского народа. Надмогильная камень Ризы хазрата, найденная на Старом мусульманском кладбище Семей в 2023 г., вызвала интерес и научную дискуссию среди местной интеллигенции, что усилило поиски его личности. Обобщая сведения о личности Ризы хазрата ибн Уалида (1810–1876) и его деятельности в регионе, можно отметить, что активизация религиозно-общественной жизни Семей в указанный период подтверждает актуальность рассматриваемой темы.

Кроме того, на основе архивных материалов проведён историко-сравнительный анализ старинных мечетей Семей, рассмотрены особенности их наименований в пределах городской территории. В результате представлены и обсуждены отдельные сведения, связанные с медресе Ризы хазрата, а также материалы, раскрывающие духовно-культурный облик Семей XIX – начала XX вв.

Ключевые слова: Семей, религиозно-общественная деятельность, Риза хазрат, Абай Кунанбайулы, улемы, мечеть-медресе, религиозность, рукопись, междисциплинарные исследования, краеведение.

Madiyar G. Nassyrov¹, Mukhtarbek K. Karimov²
Shakarim University (Semey, Kazakhstan)

ABAI'S INTELLECTUAL MILIEU IN SEMEY (THE RELIGIOUS AND SOCIAL LANDSCAPE OF THE CITY AT THE TURN OF THE 19TH–20TH CENTURIES IN MANUSCRIPTS AND ARCHIVAL SOURCES)

Abstract. The significance of studying the history of Semey through interdisciplinary research has been steadily increasing in recent years, complementing traditional local history studies. Within this framework, not only the history of the city itself, but also the lives and activities of prominent figures in culture, religion, literature, art, and economics have emerged as independent objects of scholarly inquiry. Particular attention has been given to reintroducing forgotten names and little-known public figures into academic circulation and to popularizing their intellectual and cultural heritage.

The main purpose of the article is to present the written heritage of scientists from the time of Abai on the basis of manuscripts preserved in Semey, as well as to present to the scientific community new ideas about religious figures of the XIX – early XX centuries and their religiosity.

A great contribution to the consideration of the historiography of the Muslim community of Semey is made by the study of religious and social activities of representatives of the Tatar people. The tombstone of Riza Hazrat, found in the Old Muslim Cemetery of Semey in 2023, aroused interest and scientific discussion among the local intelligentsia, which intensified the search for her identity. Summarizing the data related to the personality of Riza Hazrat ibn Walid (1810-1876) and differentiating his activities in the region, the activation of the religious and social image of Semey at that time served as the basis for revealing the relevance of this article.

Furthermore, based on archival materials, a historical-comparative analysis of Semey's old mosques has been conducted, with a focus on the peculiarities of their naming within the urban space. As a result, specific materials related to Riza Hazrat's madrasa, as well as sources illuminating the broader spiritual and cultural environment of Semey in the nineteenth and early twentieth centuries, are presented and discussed.

Keywords: Semey, religious and social activity, Riza Hazrat, Abai Kunanbayuly, ulama, mosque-madrasa, religiosity, manuscript, interdisciplinary research, local history.

References

Abramov N. Oblastnoj gorod Semipalatinsk. Zapiski Imperatorskogo Russkogo geograficheskogo obshhestva [The regional city of Semipalatinsk. Notes of the Imperial Russian Geographical Society]. Kn. 1. SPb, 1861. Pdf.

Өuezov M. Shygarmalarynyng el tomdyq tolyq zhinagy. 35-T. Maqalalar, zertteuler. 1956-1957 [A complete collection of country volumes of works. 35-T. articles, research. 1956-1957.]. – Almaty, 2014. – 416 b.

Bashqortstan Respublikasynyng ulttyq arhivi [National Archive of the Republic of Bashkortostan]. Q.295. P.3. Is.7466.

Bukejhanov A. Abaj (Ibragim) Kunanbaev [Abay (Ibrahim) Kunanbayev]. Zapiski Semipalatinskago podotdĕla Zapadno-sibirskago podotdĕla Imperatorskago russkago geograficheskago obshhestva. Vypusk III-j. – Semipalatinsk, 1907. – S. 1-8. Pdf.

Zhunishanov A.S. Abajdyng ustazy Ahmet Riza zhajly ne bilemiz? [What do we know about Abai's teacher Ahmet Riza?]. Munara. №16 (94). – 2023. – 7 b.

Zhurtbaj T. Abaj (Soqtyqpaly, soqpaqsyztken qmir) [Abay (life without a path, without a path) Omirbajan.] – Almaty: Atamura, 2024. – 240 b.

Zavalishin Ippolit Irinarhovich. Opisanie Zapadnoj Sibiri [Description of Western Siberia]: [v 3 tomah], soch. Ippolita Zavalishina. – Moskva: Izdanie Obshhestva rasprostraneniya poleznykh knig, 1862-1867. T. 3: Sibirsko-Kirgizskaya step'. – 1867. – [2], 145, [5], IV s.; 20 sm. – Net str. 81-86. Pdf.

Kasymbaev Zh. Istorija goroda Semipalatinska (1718-1917 gg.) [The history of the city of Semipalatinsk (1718-1917)]. – Almaty, 1998. – 276 s.

Kashljak V.N. Semipalatinsk. Tri veka istorii [Semipalatinsk. Three centuries of history]. – Novosibirsk, 2002. – 371 s.

Kashljak, V. N. Hramy Semipalatinska: proshloe i nastojashhee: (hronologiya sobytij) [Temples of Semipalatinsk: past and present: (chronology of events)]. – Semipalatinsk, 2004. – 610 s.

«Qazaq» gazeti [The newspaper "Kazakh"]. 1913 zhyl. Qurast.: S.O. Smagulova, G.Q. Anes, T.A. Zamzaeva. – Almaty: «Arys» baspasy, 2009. – 480 b.

Qazaqstan Respublikasynyng ortalyq memlekettik arhivi [Central state archive of the Republic of Kazakhstan.]. Q.498. T.1. Is.7.

QROMA. K.495. T.1. Is.24.

QROMA. K.498. T.1. Is.3.

QROMA. K.498. T.1. Is.10.

QROMA. K.498. T.1. Is.18.

Madiyar Nasyrovtyng dalalyq materialdary. Zheke qorda saqtalghan Quran paraqtary Semej [Field materials of Madiyar Nasyrov. Quran sheets kept in a private fund]. 2015.

Madiyar Nasyrovtyng dalalyq materialdary. Semejdegі Eski musulman qorymyn zertteu. M. Nasyrov zhane R. Rahimbaevtyng tauelsiz zertteuleri [Field materials of Madiyar Nasyrov. Study of the old Muslim necropolis in Semipalatinsk. Independent research by M. Nasyrov and R. Rakhimbayev]. Semej. 2023.

Madiyar Nasyrovtyng dalalyq materialdary. Olketanushy Shavqat Fajzullinmen suhbat [Field materials of Madiyar Nasyrov. Interview with local historian Shavkat Fayzullin]. Semej. 22.05.2023.

Madiyar Nasyrovtyng dalalyq materialdary. «Bir munaraly Agash meshitting» qorymen zhumys [Field materials of Madiyar Nasyrov. Work with the foundation of the "Bir munaraly Agash meshit"]. Semej. 2024.

Madiyar Nasyrovtyng dalalyq materialdary. N esimdi (1937 zh. tугan) qala turgynymen suhbat [Field materials of Madiyar Nasyrov. Interview with a resident of the city named N (born 1937)]. Semej. 31.03.2025.

Milli-madani mirasybyz: Kazakhstan tatarlary [Milli-Madani legacy: Tatars of Kazakhstan]. Redkollegiya: K.M. Mingnullin (rais), I.G. Gomarov, M.I. Ahmatjanov. Semej. – Kazan, 2017. – 360 b.

Nasyrov M. Semejdegі Eski musulman qorymy [Old Muslim necropolis in Semipalatinsk]. Respublikalyq Abaj zhurnaly. №5 (162). 2023. – 6-15 bb.

Fahreddin R. Motalaga. – Troick, 1908. – 92 b. Pdf.

Fahreddin R. Asar. 3-4 T. – Kazan: Ruhijat, 2010. – 648 b.

Halidogly Q. شرقي خمسة تواريخ (Tauarih-i Hamsa-i Sharki). – Qazan, 1911. Pdf.

Shablej P.S. Istorija tatarskoj obshhiny Semipalatinska [The history of the Semipalatinsk Tatar community]. Istoricheskaja jetnologija. 2020. T. 5, № 1. S. 75–94. DOI: 10.22378/he.2020-51.75–94.

Jelektrondy resurs. BEZZÂÎ. İslam Ansiklopedisi. [Jelektrondy resurs]. URL: <https://islamansiklopedisi.org.tr/bezzazi> (zhyginu datasy: 25.03.2025).

Allen J. Frank, Mirkasyim A. Usmanov. Materials for the Islamic History of Semipalatinsk: Two manuscripts by Ahmad-Wali al-Qazani and Qurban ali-Khalidi, ANOR 11. Berlin, 2001. Pdf.

Qurban Ali Khalidi. An Islamic Biographical Dictionary of the Eastern Kazakh Steppe (1770–1912) / Ed., A.J. Frank, M.A. Usmanov. Brill-Leiden-Boston, 2005. – P. 1-179.